

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Казталов ауданының  
білім беру бөлімінің МКҚК «Айгөлек» бөбекжайы**



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары  
«Балапан» ортаңғы жас тобы**

**Тәрбиешілер: Какенова Д.Т**

**Құрманғалиева Т.О.**

**2022 – 2023 оқу жылы**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары.

Мектепке дейінгі ұйым: «Айгөлек» бөбекжайы

Топ: «Балапан» ортаңғы жас тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **Қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы**

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p><b>Жүру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, тура, шеңбер бойымен жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, тура, шеңбер бойымен жүгіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), допты бір-біріне домалату. Допты жоғары лақтыру, қағып алу дағдысын жетілдіру.</p> <p><b>Еңбектеу.</b> Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу дағдысын жетілдіру</p> <p><b>Секіру.</b> Тұрған орнында қос аяқпен дағдысын жетілдіру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Балаларға жүзудің пайдасы туралы айту, бассейн бөлмесімен, ондағы мінез-құлықтың негізгі ережелерімен таныстыру.</p> <p>Балаларды суда кездесетін қимылдармен таныстыру.</p> <p>Тыныс алу бұлшықеттерін күшейтіңіз.</p> <p>Жүзу сабақтарына деген қызығушылықты ояту.</p> <p>Балаларды салауатты өмір салтымен таныстыру.</p> <p>Оларды жүзудің әртүрлі әдістерімен таныстыру (суреттерді көрсету).</p> <p>Дұрыс қалып дағдыларын нығайтуға ықпал ету.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу;</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою қимылдарын орындауға үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойындар</b></p> <p>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету.</p>

<b>Коммуни кaтивтік дағдылар ды дамыту</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айтуға үйрету. <b>Сөздік қор.</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға үйрету.
------------------------------------------------------------	------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

		<b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету.
	<b>Көркем әдебиет</b>	<b>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</b> Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдау
	<b>Қазақ тілі (аптасына 1 рет)</b>	<b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, сұрақтарға жауап беруге, сәлемдесуде, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>	<b>Математика негіздері</b>	<b>Сан.</b> «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп) сұрақтарына жауап беруге үйрету. <b>Шама.</b> Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік аласа) салыстыруды үйрету. <b>Геометриялық фигуралар.</b> Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. <b>Кеністікті бағдарлау.</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлауды үйрету. <b>Уақытты бағдарлау.</b> Таңертең кешке тәулік бөліктерін бағдарлауды үйрету
<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b>	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. <b>Заттық әлем.</b> Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Топтағы заттар, ойыншықтар, кітаптар ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу <b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. <b>Өсімдіктер әлемі.</b> Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. <b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуге үйрету. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.
<b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b>	<b>Құрастыру</b>	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту.
	<b>Сурет салу</b>	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (ойыншықтар), дөңгелек пішінді (шарлар) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді, сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.
	<b>Мүсіндеу</b>	Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету. (ойыншықтар).
	<b>Жапсыру</b>	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету.

	<p align="center"><b>Музыка</b> (аптасына 1 рет)</p>	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету. <b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту дағдыландыру. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. <b>Музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: сылдырмақ, маракаса сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>
--	----------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы, 2022-2023 оқу жылы**

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру</b> (аптасына 3 рет)</p>	<p><b>Жүру.</b> Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, әртүрлі бағытта жүруді қалыптастыру. <b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүруге үйрету. <b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, алаңның бір жағынан екінші жағына, шашырап жүгіруге үйрету. <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Заттарды төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). <b>Секіру.</b> Қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіруді үйрету. <b>Спорттық жаттығулар:</b> Жүзу сабақтарына деген қызығушылықты ояту. Балаларды суда кездесетін қимылдармен таныстыруды жалғастырыңыз. Балаларды салауатты өмір салтымен таныстыру. Балаларға бассейндегі мінез-құлық ережелерін еске түсіріңіз. <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); қолдарды алға созып, жартылай отыруды үйрету. <b>Қимылды ойын.</b> Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>
<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. <b>Сөздік қор.</b> Ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көкөніс пен жемістердің) белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құруға дағдыландыру.</p>
	<p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Ертегілерді тыңдай білуге, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p>
	<p align="center"><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға</p>

	<b>(аптасына 1 рет)</b>	жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ә, қ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу. <b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), көкөніс-жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру, санамақтар жаттауға баулу. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету.
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>	<b>Математика негіздері</b>	<b>Сан.</b> Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. <b>Шама.</b> Бірдей заттарды салыстыруға үйрету. <b>Геометриялық фигуралар.</b> Шаршымен таныстыру. <b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Өзінің дене мүшелерін оң-сол қол аяқ бағыттарын анықтап, ажыратуға үйрету. <b>Уақытты бағдарлау.</b> Таңертең кешке тәулік бөліктерін бағдарлауды үйретуді жалғастыру.
<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b>	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Отбасы.</b> Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. («Отбасы» «Дастархан жаямыз») <b>Заттық әлем.</b> Заттардың (көкөніс пен жеміс) айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын, сипап сезу, дәмін көру арқылы тануды қалыптастыру. <b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балалар тұратын қала туралы білімдерін қалыптастыру, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. <b>Өсімдіктер әлемі.</b> Туған өлкенің кейбір көкөністер мен жемістердің 2-3 түрін тану және атау
<b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b>	<b>Құрастыру</b>	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін атауға және қолдануға үйрету
	<b>Сурет салу</b>	Әртүрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер) заттарды бейнелеуге, қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету.
	<b>Мүсіндеу</b>	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (көкөніс пен жемістер).
	<b>Жапсыру</b>	Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануға үйрету.
	<b>Музыка (аптасына 1 рет)</b>	<b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету. <b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. <b>Музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Барабанмен таныстыру, әр түрлі аспапта орындалған әндерді тыңдау.

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы, 2022-2023 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b>	<b>Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)</b>	<p><b>Жүру.</b> Шеңбер бойымен, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру;</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру;</p> <p><b>Жүгіру.</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру;</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;</p> <p><b>Секіру.</b> Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Сапқа тұру.</b> Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Батылдықты тәрбиелеу.</p> <p>Қозғалыс, салауатты өмір салты қажеттіліктерін дамыту.</p> <p>Тыныс алу бұлшықеттерін күшейтіңіз.</p> <p>Балалардың психофизикалық денсаулығын сақтау және нығайту.</p> <p>Қозғалыстарды үйлестіруді дамыту.</p> <p>Өз қабілеттеріне деген сенімділікті тәрбиелеу.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апаруды; аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);</p> <p><b>Қимылды ойын.</b> «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p>
<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, т-д) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (киім, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге баулу.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Өңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p>

	<b>Қазақ тілі (аптасына 1 рет)</b>	<b>Тілдік дамытушы орта.</b> Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <b>Сөздік қор.</b> Тұрмыстық заттардың, жиһаз, киімнің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуға баулу. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>	<b>Математика негіздері</b>	<b>Сан.</b> Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру; <b>Шама.</b> Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруды үйретуді жалғастыру. <b>Геометриялық фигуралар.</b> Дөңгелекпен таныстыру, көру тәсілдерімен аталған фигураны зерттеу. <b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды; <b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін: күндіз-түнде бағдарлауды үйрету.
<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b>	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Отбасы.</b> Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. <b>Заттық әлем.</b> Киім, жыл мезгілдерінің айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануға баулу. <b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. <b>Өсімдіктер әлемі.</b> Ағаштардың, өсімдік бөліктерін тануға үйрету.
<b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b>	<b>Құрастыру</b>	әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызу және өзі құраған құрылысымен ойнауға баулу.
	<b>Сурет салу</b>	Дөңгелек пішінді (бұлттар, күн) заттарды бейнелеуде сурет салудың дәстүрден тыс техникасын пайдалануға қызығушылығын дамыту.
	<b>Мүсіндеу</b>	Кесектерді алақандарының арасында есу, жаю, ширату тәсілдері арқылы заттарды (жиһаз) мүсіндеу.
	<b>Жапсыру</b>	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруға үйрету
	<b>Музыка (аптасына 1 рет)</b>	<b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. <b>Ән айту.</b> Әннің сипатын жеткізуге (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіруге үйрету.

		<b>Музыкалық аспаптарында ойнау.</b> музыкалық аспаптармен: қоңырау, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.
--	--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы**

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b>	<b>Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)</b>	<p><b>Жүру.</b> Сапта бір- бірден, екеуден (жұппен) жүру; еденге қойылған заттардан аттап жүру</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Қырлы тақтайдың бойымен жүру;</p> <p><b>Жүгіру.</b> Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру;</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату;</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> туннель арқылы еңбектеу;</p> <p><b>Секіру.</b> 15-20 сантиметр биіктіктен секіруге үйрету.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Мектеп жасына дейінгі балаларды Қазақстанның көрнекті жүзушілерімен таныстыру.</p> <p>Зейінді, ойлауды дамыту.</p> <p>Батылдыққа сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Балаларды салауатты өмір салтымен таныстыру.</p> <p>Қозғалыстарды үйлестіруді дамыту.</p> <p>Өзара көмекке тәрбиелеу.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; аяқты бұғу және созу (бірге және кезекпен) үйрету</p> <p><b>Қимылды ойын.</b> Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізіп, ойнауға баулу.</p>
<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (о) және дауыссыз (к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Сөздік қорды заттарды жалпы (ыдыс, Отан) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Етістіктерді келер және өткен шақта қолдануға;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>		Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу.
<b>Қазақ тілі (аптасына 1 рет)</b>		<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және</p>

		<p>түсінуді дамыту. қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	<p><b>Сан.</b> «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p><b>Шама.</b> Бірдей заттарды салыстыру, кең-тар, бірдей шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін: күндіз-түнде бағдарлауды үйретуді жалғастыру.</p>
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Отбасы.</b> Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Жиһаздарға, ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b></p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау, қыс мезгілдегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға, топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) әрекет дағдысын қалыптастыру.</p>
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру
	Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер қолдануды үйрету.
	Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар)
	Жапсыру	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйретуді жалғастыру, қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру,

		заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
	<b>Музыка</b> (аптасына 1 рет)	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу) байқау.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p><b>Музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қантар айы, 2022-2023 оқу жылы**

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p><b>Жүру.</b> Сапта әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша» заттарды айналып жүру;</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалатуға;</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Саты бойымен өрмелеуге;</p> <p><b>Секіру.</b> Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіруге үйрету.</p> <p><b>Сапқа тұру, қай сапқа тұру.</b> Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Суға өз бетіңізше кіруді, бассейнде жүруді үйретіңіз, шашыраудан қорықпаңыз.</p> <p>Моториканы дамыту.</p> <p>Балаларға суда ыңғайлы болуға көмектесіңіз.</p> <p>Қозғалыстарды үйлестіруді дамыту.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолдарын қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату; шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеруге жаттықтыру.</p> <p><b>Қимылды ойын.</b> Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге дағдыландыру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату</p>
никати втік дағдыл арды дамыт	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (а, ә, е) қайталату және кейбір дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p>

		<p><b>Сөздік қор.</b> Сөздік қорды заттарды жалпы (үй және жабайы жануар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды дағдыландыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу.
	<b>Қазақ тілі (аптасына 1 рет)</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулуды жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Тұрмыстық заттардың, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>	<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.</p> <p><b>Шама.</b> Бірдей заттарды салыстыру, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында, жануарлар арқылы кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін, қысқы маусымдық ерекшеліктерді бағдарлау.</p>
<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b>	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Отбасы.</b> Өртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), қыс мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>
<b>Ылапрын, зе</b>	<b>Құрастыру</b>	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.

	<b>Сурет салу</b>	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуда қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.
	<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерді созу, қосу, қысу, біріктіру тәсілдері арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	<b>Жапсыру</b>	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
	<b>Музыка (аптасына 1 рет)</b>	<b>Музыка тыңдау.</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. <b>Ән айту.</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру <b>Музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруді жалғастыру.

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<b>Жүру.</b> сапта бір- бірден, екеуден (жұппен) жүру; қол ұстасып, еденге қойылған заттардан аттап жүру <b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) қырлы тақтайдың бойымен жүру. <b>Жүгіру.</b> Алаңның бір жағынан екінші жағына тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). <b>Секіру.</b> Тұрған орнында қос аяқпен сызықтан секіру. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. <b>Спорттық жаттығулар:</b> Суда өздігінен қозғалуды үйрету. Шашыраудан қорықпаңыз. Балалардың денсаулығын нығайту. Балаларды салауатты өмір салтымен таныстыру. Қозғалыстарды үйлестіруді дамыту.

		<p>Өзара көмекке тәрбиелеу</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол саусақтарын жұму және ашу. Қолды жан- жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта), отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау жаттығуларын орындауды үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын.</b> Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу</p> <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Шанамен биік емес төбеден сырғанау.</p>
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты ( ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Аяқ киім, байланыс құралдары және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, ересектермен бірге ертегілерде бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p>
	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ә, ө, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	<p><b>Сан.</b> Заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру</p> <p><b>Шама.</b> Бірдей заттарды салыстыру, берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Геометриялық фигуралар ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін үйрету</p>

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Отбасы.</b> Өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Жануарларға, құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, олардың тіршілігі, пайдасы туралы түсініктерді меңгерту.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру, 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Табиғат құбылыстарын маусымдық, жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу, анықтау.</p>
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	<b>Құрастыру</b>	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
	<b>Сурет салу</b>	Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету
	<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	<b>Жапсыру</b>	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
	<b>Музыка (аптасына 1 рет)</b>	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал етуді жалғастыру: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p><b>Музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
рді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<b>Жүру.</b> Шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру <b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30

		<p>сантиметр) жүруді жалғастыру</p> <p><b>Жүгіру.</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіруді үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Туннель арқылы еңбектеу;</p> <p><b>Секіру.</b> Құрсаудан құрсауға секіру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Бетіңізді суға батыру жаттығуларын бастаңыз.</p> <p>Балалардың бассейндегі іс-шараларға қызығушылығын сақтау.</p> <p>Балаларды суды қолдарымен қатты тырмаламай, бір жақтан екіншісіне өз бетінше өтуге үйрету.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Заттарды бір қолынан екінші қолына салу; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</p> <p><b>Қимылды ойын.</b> Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Велосипед тебуді үйрету</p>
<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Коммуникативтік дағдыларды дамыту</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (о, ұ) және кейбір дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
	<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	<p><b>Қазақ тілі (аптасына 1 рет)</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Тұрмыстық заттардың, (киіз үй жиһазы) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу жалғастыру (бар, кел, айт).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
<p>зи ят ке рл ік</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Сан.</b> «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p>

		<p><b>Шама.</b> Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа сөздерімен белгілеу</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Заттарға қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды үйрету: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Жыл мезгілдерді ажыратуды үйрету</p>
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Отбасы.</b> Отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттарға ұқыптылықпен, үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғатыру.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру</p>
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Құрастыру	Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру, дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.
	Музыка (аптасына 1 рет)	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Ән айту.</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды дағдыландыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p><b>Музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, қоңырау ойнау.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p><b>Жүру.</b> Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру</p> <p><b>Жүгіру.</b> Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан</p>

		<p>лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).  <b>Секіру.</b> Тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Балаларды суда көлденең позицияны қабылдауға үйрету.  Қимылдарды жұппен орындауда жаттығу, суда өз бетінше ойнауға үйрету.  Қоянмен жүзу сияқты аяғыңызды қозғалтуға үйретіңіз. Суда әртүрлі қозғалыстармен жаттығу: жүру, жүгіру, секіру.  Ұйымдасқан түрде қозғалуға үйрету.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;  <b>Қимылды ойын.</b> Қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету  <b>Спорттық жаттығулар.</b> Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен тебуге үйрету</p>
<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Коммуникативтік дағдыларды дамыту</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту  <b>Сөздік қор.</b> Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
	<p style="text-align: center;"><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.  Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
	<p style="text-align: center;"><b>Қазақ тілі (аптасына 1 рет)</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Өзбетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,местуді дамытуды жалғастыру.  <b>Сөздік қор.</b> Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйретуді жалғастыру  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу..</p>
<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Қ және зияткерлік дағдылар</p>	<p style="text-align: center;"><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Сан.</b> «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.  <b>Шама.</b> Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы</p>

		<p>бойынша) бір затты екінші затпен беттестіруді үйрету.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Ойын түрінде үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен фигураларды ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жалғастыру: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Отбасы.</b> Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту</p>
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Сурет салу	Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
	Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.
	Музыка (аптасына 1 рет)	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту.</b> Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтауды дағдыландыру</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p><b>Музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p><b>Жүру.</b> Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).</p> <p><b>Секіру.</b> Үйренген секіру қимылдарын қайталау</p> <p><b>Сапқа тұру</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Дененің судағы көлденең орналасуымен таныстыру, бетіңізді суға батыруға дайындықты бастау.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу.</p> <p>Қозғалыстарды үйлестіруді, ептілікті дамытуға ықпал ету.</p> <p>Аяғыңызды жатып, басыңызды суға түсіруді үйретуді жалғастырыңыз.</p> <p>Батылдықты, бастаманы тәрбиелеу.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу ; аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан- жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта); отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p><b>Қимылды ойын.</b> Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Үш дөңгелекті велосипедті оңға және солға бұрылып тебу.</p>
ИКҚАТ ИВТІ К ДАҒ ЫЛА РДЫ	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты</p>

		<p>дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
	<b>Қазақ тілі (аптасына 1 рет)</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету бекіту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу</p>
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>	<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p><b>Шама.</b> Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен фигуралар туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды бекіту: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Жыл бойына алған білімдерін бекіту.</p>
<b>ІК-эмоционалды дағдыларды қалыптас</b>	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Отбасы.</b> «Мен» бейнесін, құрдастарын, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық таныту білімдерін бекіту</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын, заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p>

		<p>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді бекіту.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету, әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануды бекіту.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Үй жануарлары, төлдері, Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар, табиғат бұрышын мекендеушілер туралы білімдерін бекіту.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Құрастыру</b></p>	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p>
	<p style="text-align: center;"><b>Сурет салу</b></p>	<p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
	<p style="text-align: center;"><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Жыл бойына үйренген мүсіндеу тәсілдерін қолдануды жалғастыру, бекіту. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
	<p style="text-align: center;"><b>Жапсыру</b></p>	<p>Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
	<p style="text-align: center;"><b>Музыка (аптасына 1 рет)</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, марш туралы, музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдау, музыканың сипатын түсіну, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білу және ажырату білімдерін бекіту.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға дағдыландыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын, билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындау, музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдысын жітілдіру. Би қимылдарын орындау сапасын (кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру), заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар еркін дербес орындау баулу</p>

		<p><b>Музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабан, сондай-ақ олардың дыбысталуы, музыкалық аспаптарда және меңгерген металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын қайталау.</p>
--	--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------